

# ҚАЙЫРЫМ- ДЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



## 524

астам қазақстандық  
қайырымдылық көмекпен  
қамтылған

«Samruk-Kazyna Trust» қоры 2023 жылы денсаулық сақтау, білім беру, халықтың неғұрлым әлеуметтік осал топтарын қолдау және өңірлерді дамыту салаларында жалпы сомасы 7,2 млрд теңгеге 46 әлеуметтік жобаны іске асырды. Жобалар халықтың қажеттіліктерін ескере отырып, Қор компаниялары бар өңірлерде, сондай-ақ Мемлекет ресурстары жеткіліксіз бағыттарда коммерциялық емес ұйымдармен серіктестікте жүзеге асырылды.

Осы жобалар шеңберінде 524 мыңнан астам қазақстандық қайырымдылық көмекпен қамтылды, оның ішінде 97 мың ана мен бала, 87 мың ауыл халқы, сондай-ақ 700 адам жұмысқа орналастырылды.

Денсаулық сақтау саласында Медициналық және оңалту көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге, емдеудің инновациялық әдістерін енгізуге және қазақстандықтардың өмір сүру сапасын жақсартуға көңіл бөлінді. 19 оңалту орталығы іске қосылды. 7 аймақтағы ауылдық ауруханалар 18 жедел жәрдем көлігімен және 9 инвентармен (ерекше физикалық қажеттіліктері бар адамдарға арналған көлік) қамтамасыз етілді. Шымкент, Қарағанды, Талдықорған, Ақтау, Өскемен және Орал қалаларының перинаталдық орталықтарына жаңа туған нәрестелердің емдік гипотермиясы мен ретинопатиясы аппараттары жеткізілді.

Онкологиялық аурулары бар 90 500-ден астам бала Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығында заманауи

жабдықтармен емделді. ҚР-да диагнозы емделмейтін 61 баланың ем алуы төленді. Шалғайдағы станциялардың 100 мың азаматы «Медициналық пойыздар» жобасы аясында тегін медициналық және құқықтық көмек алды. Алматыда Даун синдромы бар балаларға арналған орталық жаңа форматта жұмысын бастады.

Білім беру саласында сапалы білім алу және адами капиталды іске асыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалған. Ауыл жастарының 227 өкілі білім гранттарын алып, еліміздің 45 Үздік орта оқу орындарында тегін білім алуда. Оның ішінде 2 түлек жұмысқа орналастырылды. Әлеуметтік осал санаттағы 500 оқушы үшін тегін сыныптан тыс сабақтар ұйымдастырылды. 1000-нан астам балалар мен олардың ата-аналарына арналған жазғы танымдық және инклюзивті лагерьлер ұйымдастырылды.

Спорт саласында инфрақұрылымды дамытуға және қолжетімді спорттық ортаны құруға үлес қосылды. 9 ірі спорт кешені салынды, 26 жаңа спорт-ойын алаңы орнатылды. 23 елді мекенде тегін бейімделген спорт секциялары ашылды. Креативті индустрияны дамыту аясында Ақтөбе облысының облыстық жасөспірімдер кітапханасының ғимараты толығымен жаңартылып, ғылым мен заманауи шығармашылықтың креативті орталығына қайта жандандырылды.

Қайырымдылық жобаларын іске асырумен қатар, «Samruk-Kazyna Trust» қоры жұрт-

«SAMRUK-KAZZYNA TRUST» ӘЛЕУМЕТ-  
ТІК ЖОБАЛАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ  
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПАНИ-  
ЯЛАР ТОБЫНЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ  
ҚЫЗМЕТІНІҢ БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОРЫ,  
ОЛ «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОМПА-  
НИЯЛАР ТОБЫНЫҢ АТЫНАН ӘЛЕУМЕТ-  
ТІК МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУГЕ  
БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ  
ЖОБАЛАРЫ МЕН БАҒДАРЛАМАЛАРЫН  
ІСКЕ АСЫРАДЫ.

шылықпен, мемлекеттік институттармен, БАҚ және сараптамалық қоғамдастық өкілдерімен, сондай-ақ портфельдік компаниялармен өзара іс-қимылды нығайта отырып, қазақстандықтардың сенімін арттыру үшін жұмыс істейді. Азаматтық қоғамның, мемлекеттік органдардың, бизнестің 300-ден астам өкілдерінің және компаниялар тобының қызметкерлерінің қатысуымен корпоративтік қайырымдылық форумы форматында өткізілген жұртшылық алдындағы есеп жақсы дәстүрге айналды.

«Samruk-Kazyna Trust» қызметін БАҚ, КЕҰ және сарапшылар белсенді түрде келтіреді. 2023 жылы қазақстандық медиада 5 мыңнан астам жарияланым Қордың қайырымдылық бастамаларына арналды.

«Қазақстан халқына» ҚҚ-мен серіктестік орнатылды, оның аясында ҚР өңірлерінде аутизмді бар балаларға арналған 13 ерте араласу орталығын және 8 оңалту орталығын ашу жобасы іске асырылуда. Екі бағыт бойынша балаларды жалпы қамту даму ерекшеліктері бар 2 500-ден астам баланы құрайды.

Сонымен қатар, корпоративтік әріптестік шеңберінде «Болат Өтемұратов Қоры» ҚҚ-мен бірлесіп бірлескен әлеуметтік жобалар іске асырылды, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі адамдарды оқыту және жұмысқа орналастыру жөніндегі жобаны бірлесіп іске асыру мақсатында «Шелл Қазақстан» компаниясымен әріптестік жолға қойылды.

# АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУ



«Samruk Business Academy» жеке мекемесі (бұдан әрі — SBA) оқытуды ұйымдастыру және әкімшілендіру, қызметкердің аутстаффингі және HR-консалтинг бойынша қызметтер көрсететін сервистік компания болып табылады. SBA 2004 жылы «Бірыңғай қызметкерді дамыту орталығы» базасында құрылған «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жекеменшік мекемесінен 2022 жылы атауын өзгертті. Бүгінгі таңда SBA озық тәжірибені жинақтау және жаңа білімді қалыптастыру үшін табысты орталық болып табылады.

2004 жылдан бастап SBA оқыту, бағалау және қызметкерді дамыту қызметтерін ұсынады. Қазіргі уақытта SBA «Самұрық-Қазына» АҚ тобының мамандарын қайта даярлаумен және біліктілігін арттырумен, адам ресурстарын басқару, өзгерістерді басқару, «Самұрық-Қазына» АҚ дамуының стратегиялық мақсаттарына сәйкес корпоративтік мәдениетті қалыптастыру саласындағы процестерді қолдаумен айналысады.

## ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

2023 жылы SBA корпоративтік және өндірістік оқыту блогы келесі модульдік оқыту бағдарламаларын іске асырды: «Middle Management», «Гендерлік теңдік», «Жеті Қадам», «PR School», «HR School», «Recruitment School», «Сатып алуды және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді басқару», IR, «Өндіріс тірегі», «Бірінші желі», «Машинист-инструкторлар академиясы», «Қауіпсіздік сақшылары», «Өндірістік менеджер».

“Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті” жобасы бойынша 2023 жылға 312 CEO, SEO-1, SEO-2, SEO-3 және портфельдік компаниялар мен ЕТҰ-ның 480 ішкі жаттықтырушысы оқытылды. Сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның

29 099 өндірістік қызметкері оқытылды. Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті бойынша оқыту кестеге сәйкес 2024 жылы да жалғастырылатын болады.

2023 жылы SBA «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» (IAAR) NV агенттігінде халықаралық институционалдық аккредиттеуден өтті.

IAAR агенттігінде халықаралық аккредиттеуден өткен барлық білім беру бағдарламалары мен ұйымдары еуропалық дерекқорға — The Database Of External Quality Assurance Results (DEQAR) енгізілген, бұл білім беру бағдарламалары мен ұйымдарының әлемдік

сапа стандарттарына сәйкестігін растайды және еуропалық жоғары білім беру кеңістігі аумағында аккредиттелген білім беру бағдарламаларын тану үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекет қатысатын компаниялардың басшы органдарында әйелдер үлесін кезең-кезеңімен 30%-ға дейін арттыру жөніндегі тапсырмасы шеңберінде 2022 жылғы 30 қыркүйекте «Самұрық-Қазына» АҚ «Гендерлік теңдік» жобасына бастама берілді, ол 2023 жылғы 5 мамырда аяқталды.

Бағдарламаны аяқтаған әйел басшылар саны 71 адамды құрады.

## HR-КОНСАЛТИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ

HR-консалтингтің негізгі бағыттары:

- ◆ Жұмысқа қабылдау кезінде және қызметкерлердің лауазымдарға сәйкестігін бағалау;
- ◆ Кадр резервин қалыптастыру кезіндегі әлеуетті бағалау;
- ◆ Грейдинг.

Құзыреттер бойынша сұхбат,  
сауалнамалар әдісімен

179

қызыметкерді бағалау

2023 жылы

441

лауазым бағаланды

## ҚЫЗМЕТ МЕН ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ БАҒАЛАУ

Қызметкерді бағалау — бұл SBA-ның негізгі бағыттарының бірі. Ол мыналар шеңберінде бағалау рәсімдерін өткізуді қамтиды:

- ◆ жалдау кезіндегі бағалау,
- ◆ кадр резервін бағалау,
- ◆ қызметкерді аттестаттау,
- ◆ job matching (әр түрлі көздерден алынған деректерді бос орынға үміткердің бірыңғай профиліне сәйкестендіру),
- ◆ 360 градус әдісімен бағалау және т.б.

Бұл бағалау құралы компаниялар мен қызметкерлерге басқа мүдделі тараптармен (клиенттермен, жеткізушілермен, басқару органдарымен және т.б.) өзара әрекеттесу сапасын (иерархиялық, кроссфункционалды) бағалауға мүмкіндік береді.

2023 жылдың 12 айының қорытындысы бойынша үшінші тарап онлайн-құралдарын пайдалана отырып бағалау саны 460, ал өзінің онлайн-жүйелерін пайдалана отырып — 3 098 құрады. Сондай-ақ құзыреттер бойынша сұхбат, сауалнамалар әдісімен 179 қызметкерді бағалау, сондай-ақ терең сұхбат әдісімен 55 бағалау жүргізілді.

## РЕКРУТИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Рекрутингтің негізгі бағыттары:

- ◆ Рекрутинг процесін әкімшілендіру;
- ◆ Толық іздеу және қызметкерді жалдау циклі.

2023 жылы Қор және «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KMG Petrochem» ЖШС, «Силлено» ЖШС, «КРІ» АҚ, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан» ҰК» АҚ, «Bolashak Investment» ЖШС сияқты компаниялар рекрутинг қызметтеріне тапсырыс берушілер болды. Шарттарды іске асыру аясында 96 бос жұмыс орны жабылды.

Рекрутинг қызметтерін дамыту мақсатында SBA FIRCaspian компаниясымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды және Назарбаев Университетінің, М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университетінің, Esil University және Astana it University мансаптық іс-шараларына қатысты.

— 2023 ЖЫЛЫ ҚОР ЖӘНЕ «ҚАЗАТОМӨНЕРКӘСІП» ҰАҚ АҚ, «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ, «KMG RETROCHEM» ЖШС, «СИЛЛЕНО» ЖШС, «КРІ» АҚ, «ҚМГ ИНЖИНИРИНГ» ЖШС, «ҚАЗАҚСТАН» ҰК» АҚ, «BOLASHAK INVESTMENT» ЖШС СИЯҚТЫ КОМПАНИЯЛАР РЕКРУТИНГ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІЛЕР БОЛДЫ.

## ГРЕЙДИНГ

Грейдинг бойынша жобаларды іске асыру компания үшін және нарықпен салыстырғанда әрбір лауазымның құндылығы негізінде әділ сыйақы жүйесін қолдануға мүмкіндік береді. Қордың портфельдік компанияларында 2016 жылдан бастап «Нау Group» халықаралық әдіснамасы бойынша еңбекақы төлеудің грейдтік жүйесі енгізілуде.

2023 жылы 441 лауазымға бағалау жүргізілді және төмендегі компанияларда еңбекақы төлеудің грейдерлік жүйесін енгізу бойынша жобалар іске асырылды: «Qazaq Air» АҚ, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ, «QazaqGaz» ҰК» АҚ, «Самұрық-Қазына Инвест» ЖШС, «Самұрық-Қазына Бизнес Сервис» ЖШС.

## 2024 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАР:

- ◆ Модульдік оқыту бағдарламаларын іске қосу: «С&В мектебі», «HR school», «PR school», «Recruitment School», «Өндірістік қауіпсіздік бойынша көшбасшылық академиясы», «Бас геолог», цех бастықтарына арналған «Өндірістік менеджер», «Инженер-энергетик», «IR School», «Экология және ESG мектебі», «Әзірлеу жөніндегі бас инженер», «Мұнай және газ өндіру жөніндегі шебер»
- ◆ SBA LMS жүйесін құру (learning management system) — онлайн оқыту, тестілеу және сертификаттар беруді ұсынатын қызметкерлерді оқытуға арналған автоматтандырылған платформа.
- ◆ ІС ERP (кешенді ақпараттық басқару жүйесі) енгізу және HR процестерін автоматтандыру арқылы көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру.
- ◆ Қатысу географиясын кеңейту және жаңа клиенттерді қамту.

# ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ- ЛАР ОРТАЛЫҒЫ



Центр социального  
взаимодействия  
и коммуникаций

ӘӨКО мақсаты — әлеуметтік-еңбек жанжалдарының алдын алу, әлеуметтік, санитарлық-эпидемиологиялық және психологиялық салауаттылықты қолдау, өндірістік қызметкердің корпоративтік сәйкестігін нығайту және әлеуметтік-еңбек қатынастары мен коммуникацияларды тиімді басқарудың озық тәжірибелерін әзірлеу және енгізу арқылы наразылық сезімдерін анықтау.

ӘӨКО қызметі 4 негізгі бағыт бойынша дамуда:

«ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР ОРТАЛЫҒЫ» ЖЕКЕМЕНШІК МЕКЕМЕСІН (БҰДАН ӘРІ — ӘӨКО) «САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2017 ЖЫЛҒЫ 4 МАМЫРДА «ӘЛЕУМЕТТІК СЕРКТЕСТІК ОРТАЛЫҒЫ» ҚҚ БАЗАСЫНДА ҚҰРДЫ.

1. Зерттеу және талдау (SRS: қатысқандық, еңбек жағдайлары және бейілділік, коммуникация деңгейі, материалдық әл-ауқат, наразылық әлеуеті; әлеуметтік-еңбек жанжалдарын терең диагностикалау және алдын алу);
2. Әлеуметтік тұрақтылық мониторингі орталығы (әлеуметтік шиеленістің туындау алғы-шарттары немесе фактілері, Қордың еңбек ұжымдарындағы дағдарыстық жағдайлар туралы ақпаратты жинау, өңдеу, алғашқы тексеру, тіркеу және жедел тарту);
3. ІР -өндірістік қатынастар (әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды, жұмыс орнындағы қысымды зерделеу және кері байланыс мәдениетін дамыту арқылы өндірістік қызметкердің санитариялық-эпидемиологиялық, әлеуметтік және психологиялық салауаттылығын жақсарту);
4. Әлеуметтік және коммуникациялық жобалар (қызметкерлер арасында корпоративтік мәдениетті дамыту, Қор тобының жастарын тартуға бағытталған жобаларды жүргізу, коммуникациялық жобаларды ұйымдастыру, корпоративтік басылым және SK NEWS сайты).